

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ**

**М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ**

**«ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУ, ӨНЕРТАНУ
ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

*С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиннің
130 жылдығына арналған
Республикалық ғылыми-теориялық
конференция материалдары*

27 маусым, 2024

Алматы

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
Қ 22

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі басуға ұсынған*

*2023-2024 жылдарға арналған BR18574216 «Уақыт пен
кеңістіктегі мәдени құндылықтар транзиті» нысаналы
бағдарламасы аясында дайындалды*

Редакциялық алқа:

Филол.ғ.д. Матыжанов К.С. (төраға), филол.ғ.к. А.Қ.Қалиева
(төрағаның орынбасары), филол.ғ.д. Н.Б.Ақыш, филол.ғ.д.
Г.Ж.Орда (жауапты редактор), PhD Н.Ж. Құдайберген
(жауапты шығарушы).

**Қ 22 «Қазіргі әдебиеттану, өнертану және фольклортанудың
өзекті мәселелері» С.Сейфуллин, І.Жансүгіров,
Б.Майлиннің 130 жылдығына арналған Республикалық
ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы,
2024. – 204 бет.**

ISBN 978-601-230-133-5

Ұжымдық монографияда Мысырда (XIII-XV ғғ.) мәмлүк-қыпшақтар тарапынан жазылған әдеби, тілдік және мәдени ескерткіштердің ерекшелігі, кейінгі ғасырларда жазылған жәдігерлерге әсері, сондай-ақ, олардың қазақ руханиятындағы орны мен маңызы жан-жақты зерделенген.

Кітап әдебиеттанушылар мен тілшілерге, дінтанушылар мен мәдениеттанушыларға, сондай-ақ, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына арналған.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-230-133-5

©М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2024

РАҚЫШ Жұмашай,
филол.ғ.к.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Ақын, жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллинді фольклорлық мұраларды жинаушы, жариялаушы, зерттеуші ретінде танимыз. Қазақ өлеңінің силлабикалық өлең жүйесіне тониканың ырғағын енгізген. Сәкен фольклорлық айшықтарды символ ретінде, көркемдік тәсіл ретінде қолданған, замана шындығын суреттегенде жойқын өзгерістер әкелген жаңа дәуірді «асау тұлпар» бейнесінде кейіптейді.

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында фольклор лексикасы, өлең өлшемі, поэтикасы шебер қолданылған. Бұл поэманы жазу үшін ақын 1923-1927 жылдар аралығында Арқа жеріне бірнеше жыл барып, Көкшетау, Бурабайға қатысты аңыз-әңгімелерді жинап үлкен дайындықпен келген [1, 102]. Шығармаға негіз болған оқиғаны автор «суретті шежіресі өткен күннің, сілекей ағызады ертегісі», «талай сыр ертегі», «қарттардың баян қылған әңгімесі» деп, ал «Оқжетпес, Бурабай, Жұмбақтас» өлеңінде: «Қызықты Көкшетаудың ертегісі сілекей ағызады сырлы дастан», шежіре, ертек, жыр деген фольклор жанрларымен атаған.

Түркілік танымда көк – ер адам, жер – әйелана бейнесінде көрінетін ер мен әйел концептісі Абай Құнанбайұлының «Жазғытұры» өлеңінде «Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынышты» деп суреттелсе [2, 78], Сәкен поэзиясында «тау мен күн сүйіскендей еркелесіп», тау – жас жігіт, күн – бойжеткен қыз кейпінде беріледі. Көкшетауды биік тау, қасиетті тау ғана емес, аспан мен жердің, зеңгір көк аспан мен жер бетіндегі тіршіліктің, асқақ арман мен

шынайы өмірдің түйісетін тұсы, жердің кіндігі ретінде қарастыруға болады.

«Құтқарушы тау» мотиві, тау үңгірлерінде ажалсыз алып батырлар ұйқыда жатып, бұл әлемге қажет болатын мерзімді күтіп жататыны туралы архаикалық миф «Жеке батыр» аңызында көрініс береді. Шатыр тігіп тау бағып жатқан Жеке батыр қарауылда қалғып кетіп көкке қарап көзін жұмған, жасы қырыққа таяу, сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды, басында дулығасы бар жантайып жатқан ұйқыдағы адам бейнесінде суреттеледі.

Автор таудың биіктігіненрекше өрнекпен бейнелеп сипаттайды: «Көкпеңбек шың басынан мұнар кетпес, Басына атсаң дағы оғың жетпес». «Оқжетпес, Бурабай, Жұмбақтас» өлеңінде тау бейнесі арқылы кербез сұлу, аңғал, арыстан, ақ бура, аждаһа сынды фольклорлық кейіпкерлер қамтылған. Көк торғын мұнар басқан Көкшетау – көкке бойлап бұлттан асқан кербез, Оқжетпес – кернау тартып оянбай керіліп жатқан, боянбаған, өз көркіне өзі ғашық, айна алдындағы кербез сұлу, Жұмбақтас – аңғал құз, шөгіп жатқан арыстан, желді күнгі Бурабай найза тиген жайын, арсылдаған кесекті арыстан, қаршылдап, шынжырынан жұлқынған ақ бура кейпінде бейнеленеді.

Бура ұлттық дүниетанымда тотемистік, анимистік және сакралды магиялық қасиетке ие жануар болып есептеледі [3, 231]. Поэмада ақ бура таудың иесі, киелі жануар бейнесінде «бір үлкен іс боларда сезеді екен» деп сипатталады. Ақ бураны садақпен атып өлтірген Қасым ханның «зор іске ұшырарын бәрі сезгенін» айғақтайды, құбылаға басын беріп шөгіп жатып тасқа айналған бураның «киесі ұрады» деген ежелгі таным-түсінікпен сәйкеседі. «Абылай хан... Ақбас атан» тарихи жырында осы сарындас сюжет бар. Түйе ішіндегі ақбас атан боздап Абылай ханның артынан қалмай еріп жүреді, сосын үй іргесіне жатып, бір

бағытқа тесіліп жатып алады. Түсінде Еренғайып ақбас атанның киелі жануар екенін, атан қараған жаққа жүрсе жауды жеңетінін, ал қарсы жаққа жүрсе жеңіліс табатынын айтып аян береді.

Абылай ханның заманында бір соғыста тұтқынға түскен қалмақ қызы бала киік бейнесінде суреттеледі. Абылай күйеу таңдауды таласқа түскен қыздың өз қалауына береді. Қалмақ қызы тау басындағы құзар шыңға байланған орамалға оғы жеткен мергенге, төрт кісіні көтеріп жүгіріп тасқа жеткен күші басым балуанға, жұмбақ шешкенге, осы үш сынның екеуінен өткен жігітке күйеуге тием деп шарт қояды. Қыздың жұмбағы үнді ертегісі, «Веталаның жиырма бес әңгімесі», «Калила мен Димнадан» келе жатқан көне ертегілік сюжетке құрылған [4, 225]. Адақ мерген өзі палуан, өзі ақын жігіт, қыздың шартын түгел орындайды, қыздың басына еркіндік беріп, жүйрік тұлпарға мінгізіп еліне қайтарады. Көптеген хикаялық дастандарға күйеу мен үш ұрының кеңшілігі, сүйген жігітінің мәрттігі жайындағы сюжет арқау болған.

«Кенесары үңгірінде» Абылайдың хандығын сағынған Кене хан Қасым ұлы елді шауып, шулатып жабықтарын тілдіріп, торсықты керегеге ілдіреді деп суреттеледі [5, 252]. Жаугершілік кезеңнің көрінісі этнографиялық код арқылы ашылады. *Торсықты керегеге ілдіру, көнегі керегеге іліну* – малы жұтқа ұшырап, ақсыз қалу дегенді білдіреді [6, 365].

«Көкшетау» поэмасы мен «Ескі күйдің сарыны» өлеңінде ел аузындағы әңгіменің шындығына жұрттың бәрі қанық екені «айтады» деген етістікті әлденеше рет қайталау арқылы берілген. Жансыз табиғат құбылыстары: Ызындап таудан соққан *жел*, Сырласып сыбырласқан *жапырақтар*, Күндіз-түн күңіренген *көл* айтады. Ел, шал, бала, қатын-қалаш, бәрі деген жалпы есімдер «Талай сыр ертегіні ел айтады, Толғанып төмен қарап *шал* айтады, Тамсанып,

таңырқанып *бала* айтады, Тау-тасты түнжыраған куә қы-лып, Отбасы *қатын-қалаи* – бәрі айтады». «Ертегі болмаса да хатта қалған, Аузында шежіренің қартта қалған. Қарттардың баян қылған әңгімесін Есіткен кейінгілер жаттап алған».

Мағжанның «Батыр Баяны» 1923 жылы, Сәкеннің «Көкшетау» поэмасы 1925-1928 жылдары жазылған. «Көкшетау» поэмасында: «Бұл іске Бурабайдың көлі куә, Қасымның қалған жұрты, көңі куә, Бураша шөгіп жатқан мұнар тау мен Ызындап таудың соққан желі куә...» деген сипаттағы суреттеуде Мағжан поэмасымен сарындастық, үндестік танылады. Ал «Батыр Баян» поэмасында: «Ерлерді ел ұмытса да, сел, жел, шөл, бел, жер ұмытпас» болып үдетпелі әсер көрініс тапқан.

«Көкшетау» поэмасында «Көзі көрген» қарт – айтушы, оқиғаны баяндайтын әңгімеші, нарратор, ал алқа-қотан тыңдаған әлеумет – тыңдарман, тыңдаушы, адресат, нарратор бейнесінде. «Көкшетау моншақтары» таптамасында «Оқжетпес, Бурабай, Жұмбақтас» өлеңінде «жұмбақ тас та болған ертең, оны отбасында әйел-еркек, ши борбай, құс табанды, қарны шертек балалар да жыр қылғаны айтылады. «Ескі күйдің сарыны» өлеңін «Ертекеккенді әлеумет емес құмар...», «Заманның қызықты енді болашағы» деген ойлармен аяқтайды [7, 249-258].

Сейфуллин төрт түлік туралы, жарапазан, сыңсу, жоқтау, бәдік өлең, қалмақ қырғыны туралы тарихи өлең, Қазығұрт туралы аңыз сынды фольклорлық мәтіндерді алғаш жариялады. Ел арасынан жинап, ауыз әдебиетінің көптеген нұсқаларынан мәтін жинақтарын құрастырды. Соның бірегейі «Батырлар жырының жинағы» деп білеміз. Қазан басылымдары, Диваев жариялаған нұсқалар негізінде Сәкеннің дайындаған «Қобыланды батыр», «Сайын батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш» (Радлов нұсқасы), «Қыз Жібек» (Жүсіпбек Шайхысламұлы нұсқасы)

жыр мәтіндері редакциялық жағынан ерекшеленеді, таптық ұғым-түсініктерге басымдық берген. 1935 жылы С.Сейфоллаұлы «Ләйлә-Мәжнүн» дастанының қазақша өлеңге аударған Шәкәрім Құдайбердіұлы нұсқасын баспаға дайындаған.

«Қазақ әдебиеті» оқулығының «Қазақ тарихынан қысқаша мағлұмат» деген кіріспе тарауында бірнеше тарихи мәліметтердің деректанулық сипатына арнайы тоқталады, Карамзин, Бартольд т.б. тұжырымды пікірлерін сын көзімен екшеп отырса, Шәкәрім, Мұхамеджан Тынышбайұлының мағлұматтарын талдап қарастырады.

Қазақ, алаш, ноғайлы атауы жөнінде, Орманбет хан, Қасым хан, Есім хан, Жәңгір, Тәуке хан тұсындағы, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама», орыс патшасына бағынған кезең, т.б. елеулі оқиғаларды санамалай келіп, «Мұрат ақынның Омар Қазы ұлына айтқаны» (Қазан, 1908), «Насихат қазақия» (Уфа, 1909), Жәнібек ханға Асан қайғы айтты деген жырдан, «Желкілдек» ертегісінен (Орманбет хан 192 жасағаны айтылады), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының В.Радлов нұсқасынан, Мұрат ақынның «Үш қиян» жыры, «Ер Көкше» жырынан, Орақ батырдың ұлы Қарасай, Мұрат ақын айтқан «Қазтуған» жырынан, «Жабай батыр» жырынан үзінді береді. «Қара таудың басынан көш келеді» өлеңі мен Ресей империясына қарсы 1855-1858 жылдары көтерілісті басқарып, қолға түсіп, айдалған Бекет батырдың монологын, төңкеріс дәуірінің басындағы оқиғаны суреттейтін «Азамат, жүнжіме, жүрме бос» деген өз өлеңін мысалға келтіреді [8, 12-50].

«Қазақ атанған рулардың ескіліктегі тұрмыс күйі, санасы, тіл өнері туралы қысқаша шолу» тарауында қазақ халқының басынан кешірген дәуірлері, жүрген жерлері, шаруашылығы, тұрмысы, батыры, биі, діні, үстем табы, әдебиеті, әдебиет негізі таратылып талданады, Арғын

руынан Қуандық, Алтай Байдалы бидің сөзінен мысал келтіріледі, ежелгі наным-сенімдердің ислам шариятымен қатар қолданылып келе жатқанын дәйектейді.

«Үстем таптың ереже, заң, өнеге сөздерін әдемілеп айтатын көсемдер – би атанса, мереке, сауықтарда айтылатын жырларды, өлеңдерді, батырларды дәріптеп қызықты қылып әңгімелеген жырларды көп үйреніп, күйлендіріп айтуға ұстарған және өздері де топта суырылып, сондай әңгімелерді жыр қылып, айта алатын адамдар – өлеңші, жыршы, жырау, ақын атанған» [8, 62].

Жыр алыбы Жамбылдың жыршылық репертуары турасында тың ақпараттарды қарт ақынмен жақсы қарым-қатынаста болған Сәкен Сейфуллиннен табамыз: «Қырғыздың Сәметей, Манас деген атақты батырларын әңгімелейтін, бір ай жатқа сыдыртып айтқанда әрең таусылатын ұзақ жырларын жатқа білетін жыршылар бүгінге шейін бар. Алматы округінде Жамбыл деген ақын сыдыртып, желпінтіп айтқанда он бес күн айтуға жететін «Көрұғлы сұлтанның» ұзақ жырын жатқа біледі. Және бірнеше ұзақ жырлы-әңгімелерді жатқа біледі. Жалғыз Жамбыл емес, талай ұзақ жырлы-әңгімелерді жатқа білетін ақын, жыршылар қазақ атаулы елдің әр жерінде бар.

Бірақ біртіндеп ел тұрмысы өзгере келе, ел жадында, ел аузында жүрген сұлулаған сөздер өзгеріп, біртіндеп ұмытылып қала берген. Сондықтан әрірек замандардың ауыз әдебиетінің көбі бізге жетпей ұмытылған. Біздің өмірге жетіп отырған ауыз әдебиет нұсқаларының көбі берірек дәуірлерден келген жұрнақтар сияқты» [8, 63].

Билер дәуірінен қалған әдебиет нұсқаларын екі бөлімге бөліп, билер дәуірінің бірінші бөліміне кірген әдебиетті алты сала аясында талдайды. «Ескіліктен қалған, билер табының үстем санасының ықпалымен құрылған аңшылық, малшылық әңгіме-ертектері» деп саралайды.

«Түйе, арыстан, қасқыр, түлкі, бөдене», «Түлкі, қойшы, аю», «Тоғыз тоңқылдақ, бір Шіңкілдек», «Шық бермес Шығайбай мен Алдар көсе», «Алдар көсе мен Тазша қойшы», «Алдар көсе мен егінші», «Хан мен өтірікші тазша бала» ертегі мәтіндерін бере отырып, «Ертектегі заттардың қысқаша мәндері» атты түсінік қамтыған.

Қазақ фольклортану ғылымының терминдік қорын байытуға бағытталған С.Сейфуллин ұсынған «жыр, аңыз», «ауыз әдебиеті», «ел әдебиеті» термин-атаулардан отандық фольклортану терминдері дамуының кезеңдік сипаты көрінеді. Қазіргі қолданыстағы «фольклор» терминімен қатар қазақ тіліндегі баламасы «ауыз әдебиеті» термині де жарыса қолданылады.

Қазіргі фольклортану ғылымында салт өлең-жырлары: тойбастар, жар-жар, сыңсыма, жұбату мен үгіт, беташар, бесік жыры, қоштасу мен өсиет жырлары, естірту, көңіл айту, жоқтау отбасы ғұрып фольклоры аясында қарастырылады. С.Сейфуллин беташар өлеңін құрылымына қарай жаңа түскен келінді ел-жұртына, күйеудің туыстарын келінге таныстыратын алғашқы бөлігін «Беташар», ал жас келінге насихат айтылып, бата берілетін екінші бөлігін «Айт келін» деп жіктейді. Беташар қазіргі фольклортану ғылымында тұтас жанрлық түр ретінде танылады. Ол шақыру, арбау, байлау жырларын, бақсы сарыны, бәдікті ескілікті дін салтынан туған өлеңдерге қосады. Шақыру, арбауға бұлт шақыру, жауын шақыру, күн жайлату жырларын да жатқызады.

Атақты «Кеңгірбайды жоқтау» В.В. Радловтың «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» атты онтомдық еңбектің 3-томына (1870), ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы құрастырған «Жиырма үш жоқтау» жинағына (1926) енген. Сәкен Сейфуллин оқулығында 62 жолдан тұратын «Кеңгірбайды жоқтауының» мәтіні 1926 жылғы «Жиырма

үш жоқтау» жинағы негізінде дайындалған: «Алты атасы бай өткен, Алты атанға жүк артқан. Жеті атасы бай өткен, Жеті атанға жүк артқан. Үйде сұңқар түлеткен, Қиядасұңқар тілеткен. Алтайы қызыл түлкі алған, Қиядан барып теке атқан... Жеті рудан қол жиған, Әуелі Құдай қалаған, Асылы нұрдан жаралған, Ақ сұңқардай түлеген. Тояты әбден қанған соң, Алыстан дұшпан атанса, Қарт бурадай жараған».

«Дін жырлары іштей ескіліктегі дін салтынан туған өлең-жырлар, тақпақтар» деп аталған үшінші тараушада ескіліктегі мейрам тақырыпты айтылған өлең-жырлар, бақсының жырлары, шақыру, арбау, байлау жырлары, бәдік, жарапазан талданды. «Төрт түлік мал туралы, түрлі хайуандар туралы жырлар, өлеңдер» атты тараушада «қадірлі жануарлар» мен қасиетті аққу құс туралы, бес түлік малдың иелері туралы әңгіме, өлең, күй жырлары талдап қарастырылды. «Жастық ойын-күлкі өлең, тақпақтары» тараушасында айтыс өлеңдері, жұмбақ айтысу, жаңылтпаш жанрымен қатар «Балалар ойынын» жеке дара қарастыруы өз заманы үшін аса құптарлық құбылыс еді.

«Ертедегі жырлы әңгімелер, яки ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары» атты екінші бөлімде «Ноғай» атымен қалған азғана, көгентүп елдің тілі мен қазақ атанған елдің тілі және ескі ел әдебиеті», «Ескіліктен қалған әңгімелердегі көп кездесетін үйреншікті ауысқақ сөздер, ауысқақ тақырып, ауысқақ жайттар» тараушасы талданады.

Фольклордағы аңшы-мерген типі жөнінде, тарихи эпос, ауызша әңгіме туралы Сәкен Сейфуллиннің пікірі айрықша назарға алуды қажет етеді. Ол жаңылтпаштарды ғылыми тұрғыда сипаттап, оның тіл жаттықтыру мақсаты мен тәрбиелік мәнімен қатар ойындық сипатына баса назар аударды.

Қазақ фольклорында ұзатылып бара жатқан қыздың ел-жұртымен қоштасу жырын алғаш М.Әуезов «Әдебиет

тарихы» еңбегінде жеке жанрлық түр ретінде жіктеп, «қош-тасу-танысу» деп атаса [9, 51-52], С.Сейфуллин «сыңсыма» деп атаған [8, 98]. Б.Уахатовтың «Халық өлеңдері» монографиясынан бастап қазіргі ғылыми еңбектерде «сыңсу» атауы тұрақтанды [10, 197].

Сәбит Мұқанов «Қазақ әдебиетіндегі жаңа эра» деп бағалаған «Қазақ әдебиеті» оқулығында батырлық жырларды дәуірлеу, оның сюжеттік құрамы, тарихилығы, тілі, қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері сараланған.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өнерпаздардың әнші-ақын, сал-серілердің жұрнағындай Сәкен Сейфуллин айтулы өнер иесі болғаны белгілі. Қазақ музыкалық фольклорының антологиясын жинақтаған музыкатанушы-этнограф, композитор Александр Затаевич Ақмола уезінен Сәкеннің орындауындағы № 189-194 «Тоқа» (рудың аты) мен «Терісқақпай» (Абылай ханның атты әскерінің шеруі) шертпе күйін, «Сауытбектің ұлуы» әнін, «Шаш сипар», «Күн мен Ай», «Толғану» күйлерін жазып алған. Сәкен Арқа әнінің әралуандығын көрсету мақсатында «Сауытбектің ұлуы» немесе «Сауытбектің зары» деп аталатын әнді орындап беріп, әннің туу тарихы мен таралу ортасына қатысты мәліметті де Затаевичке айтып берген [11, 106-109].

Өкімет басында жауапты қызметтер атқарған Сәкен ақын ұлтының өркендеуі жолында аянбай еңбек етті, оның өмір жолы мен қызметі жайлы зерттеуші Мүсілім Базарбаев: «Байырғы қазақ жерінің перзенті арпалыс заманда өз жолын тауып, халқы үшін қалтқысыз іс атқарған Сәкен Сейфуллин айта қаларлықтай қайраткер ретінде тарихқа енді... Әділетсіздікке, озбырлыққа жаны қас ақын төңкерісті адам қоғамының мән-мазмұнын түгелдей өзгертетін жаңа идея, жаңа мақсат деп білді» деп жазды [12, 327].

Әдебиеттер:

1. Қазақ фольклортануының тарихы: XVIII – XX ғасырдың басы. – Алматы 2017.
2. Ыбыраев Ш. Абай феномені. Зерттеу. – Астана, 2020. 186 б.
3. Қазақ фольклорының қастерлі әлемі. – Алматы: Press Co, 2020.384 б.
4. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
5. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.3. Баллада. Толғаулар. Дастан. Поэмалар. – Алматы: Қазығұрт, 2004. 400 б.
6. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т.4. – Алматы: DPS, 2011. 735 б.
7. Сейфуллин С. Көкшетау моншақтары // Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.2. Өлеңдер. – Алматы: Қазығұрт, 2004. Б. 249-258 (392 б.)
8. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.7. Қазақ әдебиеті. Зерттеу. – Алматы: Қазығұрт, 2004. 416 б.
9. ӘуезовМ. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. 239 б.
10. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. 288 б.
11. Затаевич А.В. 1000 песен и кюев казахского народа. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 496 с.
12. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.12. Естеліктер.–Алматы: Қазығұрт, 2013. 408 б.

МАЗМҰНЫ

Ақыш Н.	
<i>Кеңес дәуірінің көмескі шындықтары</i>	<i>3</i>
Мәдібаева Қ.	
<i>Ілияс пен Бейімбет мұрасының зерттелуі.....</i>	<i>14</i>
Ахметова К.	
<i>Сәкен – түрік патриоты.....</i>	<i>37</i>
Зайкенова Р.	
<i>І.Жансүгіров поэмаларындағы өнер құдыреті.....</i>	<i>43</i>
Орда Г.	
<i>Жиыrmасыншы жылдар әдебиеті</i>	<i>61</i>
Имангазинов М.	
<i>Аднан Мендерес деген кім және қазаққа қандай қатынасы бар?</i>	<i>75</i>
Мұқан А.	
<i>Үш бәйтерек және ұлт драматургиясы</i>	<i>82</i>
Рақыш Ж.	
<i>Сәкен Сейфуллин және фольклор</i>	<i>94</i>
Жақан Д.	
<i>Сәкен шығармашылығындағы фольклоризм табиғаты..</i>	<i>104</i>
Хуатбекұлы Е.	
<i>Құлагер поэмасындағы тарихи дискурс</i>	<i>118</i>
Қасен Е.	
<i>Әдеби тіл дамуындағы І.Жансүгіров поэзиясының орны..</i>	<i>124</i>
Тұрғынов Е.	
<i>Бейімбет Майлиннің оқу-ағартудағы «Шала сауаттылар үшін оқу кітабы» мәтіндерін көркемдік және лингвистикалық талдау.....</i>	<i>132</i>
Набиолла Н., Магазбеков Н.	
<i>Жансүгіров және архив</i>	<i>160</i>
Аксакалова Ж.	
<i>Қазақ кескіндемесіндегі Алаш арыстарының көркемдік бейнесі.....</i>	<i>170</i>

Құрманбай А.

*Ілияс Жансүгірұлының «Дала» поэмасындағы
«Азаттық» концептісі180*

Мәдібаева Қ.

Тұғыры биік (Т.Кәкішевпен сұхбат)187

Авторлар туралы мәлімет200

«ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУ, ӨНЕРТАНУ
ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРИТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

*С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлиннің
130 жылдығына арналған
Республикалық ғылыми-теориялық
конференция материалдары*

27 маусым, 2024

Баспаға 23.11.2024 ж. қол қойылды.
Пішім 60x84 $\frac{1}{16}$. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 12,8.
Таралымы 30 дана.
Тапсырыс №28.

ЖК «Қазына»